

Шураева Кенжекей Шорақызына арналған жарқын естеліктер



Қазақстанның медицина қауымдастығы орны толмас қазаға ұшырады. Өмірінің 76-шы жылында көрнекті нейрохирург-дәрігер, денсаулық сақтау ісінің үздігі, «Шапағат» орденінің иегері — Шураева Кенжекей Шорақызы дүниеден озды.

Кенжекей Шорақызы 1949 жылы 28 наурызда Қызылорда облысы, Арал ауданы, «Тәуіп» ауылында дүниеге келген. Әкесі Шора Жиенбаев ел басқарып, халқына адал қызмет етсе, анасы Ханиба - ел анасы атанған ел-жұртына, ағайын-туысқа сыйлы, дүйім жұртқа мейірімін төккен жандар еді. 1967 жылы Алматы қаласындағы №9 мектеп-интернатты үздік тәмамдады. Кейін 1973 жылы Алматы мемлекеттік медицина институтында оқып, кейіннен ең күрделі мамандықтардың бірі — нейрохирургияны таңдап, жоғары деңгейде меңгеріп шықты. Оның 46 жылға созылған кәсіби жолы медицинаға қалтқысыз қызмет етудің эталонына айналды.

1974 жылдан 1991 жылға дейін №2 Қалалық клиникалық ауруханада нейрохирург-дәрігер, Қазақ медициналық үздіксіз білім беру университетінің (бұрынғы атауы – Алматы мемлекеттік дәрігерлердің білімін жетілдіру институты) нейрохирургия кафедрасының ассистенті болып еңбек етті, кейін №3 нейрохирургия бөлімшесінің меңгерушісі болып

тағайындалды. 1991 жылдан бастап оның кәсіби қызметі Алматы қаласындағы №7 Қалалық клиникалық ауруханамен тығыз байланысты болды. Кенжекей Шорақызы 17 жыл бойы №3 нейрохирургия бөлімшесін басқарып, онда күн сайын ең ауыр бас-сүйек жарақаттарын алған науқастардың өмірі үшін күресті. 2007 жылы ол операциялық бөлімшені басқарды, кейіннен дәрігер-консультант ретінде өзінің баға жетпес тәжірибесін бөлісуді жалғастырды.

Қазақ медициналық үздіксіз білім беру университетінің (бұрынғы атауы – Алматы мемлекеттік дәрігерлердің білімін жетілдіру институты) нейрохирургия кафедрасының ассистенті ретінде ол 20 жылдан астам уақыт бойы жас мамандарды оқытумен айналысып, бүгінде еліміздің түкпір-түкпірінде табысты еңбек етіп жүрген талантты дәрігерлердің тұтас шоғырын тәрбиелеп шығарды. Кенжекей Шорақызы 15 жыл бойы Алматы қалалық нейрохирургтардың ғылыми-тәжірибелік қоғамын басқарды. Оның ерен еңбегі келесі жоғары мемлекеттік және кәсіби марапаттармен атап өтілді: «Шапағат» ордені, «Алтын Дәрігер» төсбелгісі, «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» атағы, Қазақстандық нейрохирургтар қауымдастығының медалі.

Әріптестері мен шәкірттері Кенжекей Шорақызын шебер диагност, қағидашыл басшы және дана тәлімгер ретінде еске алады. Оның есімі қазақстандық нейрохирургия тарихында мәңгі қалады.

Марқұмның туған-туыстары мен жақындарына қайғыларына ортақтасып, терең көңіл айтамыз. Ұлы дәрігер әрі ұстаз туралы жарқын естелік біздің жүрегімізде мәңгі сақталады.

Журнал редакциясы және әріптестері

Светлой памяти Шураевой Кенжекей Шураевны



Медицинское сообщество Казахстана понесло невосполнимую утрату. На 76-м году жизни скончалась выдающийся врач-нейрохирург, отличник здравоохранения, обладательница ордена «Шапағат» — Шураева Кенжекей Шураевна.

Кенжекей Шураевна родилась 28 марта 1949 года в селе «Тәуіп» Аральского района Кызылординской области. В 1967 году с отличием окончила школу -интернат №9 в городе Алматы. Затем 1973 году она окончила Алматинский государственный медицинский институт, выбрав одну из самых сложных специальностей — нейрохиргию. Ее профессиональный путь длиной в 46 лет стал эталоном служения медицине.

С 1974 по 1991 год она трудилась врачом нейрохирургом в Городской клинической больнице №2 города Алматы, ассистентом кафедры нейрохиргирии Казахского медицинского университета непрерывного образования (прежнее название - Алматинский

государственный институт усовершенствования врачей). С 1991 года ее профессиональная деятельность была неразрывно связана с Городской клинической больницей №7 города Алматы. В течение 17 лет Кенжекей Шураевна возглавляла отделение нейрохиргирии №3, где ежедневно вела борьбу за жизни пациентов с тяжелейшими черепно-мозговыми травмами. В 2007 году она возглавила операционное отделение, а затем продолжала передавать свой бесценный опыт в качестве врача-консультанта.

Как ассистент кафедры нейрохиргирии Казахского медицинского университета непрерывного образования (прежнее название - Алматинский государственный институт усовершенствования врачей), она более 20 лет занималась обучением молодых специалистов, воспитав целую плеяду талантливых врачей, которые сегодня успешно трудятся по всей стране. Кенжекей Шураевна в течении 15 лет возглавляла городское научно-практическое общество нейрохирургов города Алматы. Ее заслуги отмечены следующими высокими государственными и профессиональными наградами: орден «Шапағат», нагрудный знак «Алтын Дәрігер», звание «Отличник здравоохранения», медаль Казахской ассоциации нейрохирургов.

Коллеги и ученики запомнят Кенжекей Шураевну как блестящего диагноста, принципиального руководителя и мудрого наставника. Ее имя навсегда вписано в историю казахстанской нейрохиргирии.

Выражаем глубокие соболезнования родным и близким. Светлая память о великом враче и учителе навсегда останется в наших сердцах.

Редакция журнала и коллеги



In Loving Memory of Kenzhekey Shurayeva



The medical community of Kazakhstan has suffered an irreparable loss. Kenzhekey Shurayeva, a distinguished neurosurgeon, an excellent healthcare worker, and a recipient of the Order of Shapagat, has passed away at the age of 75.

Kenzhekey Shurayeva was born on March 28, 1949, in the village of Tauip in the Aral District of the Kyzylorda Region. In 1967, she graduated with honors from Boarding School No. 9 in Almaty. In 1973, she then graduated from the Almaty State Medical Institute, choosing one of the most challenging specialties—neurosurgery. Her 46-year professional career became a benchmark for service to medicine.

From 1974 to 1991, she worked as a neurosurgeon at Almaty City Clinical Hospital No. 2 and as an assistant professor in the Department of Neurosurgery at the Kazakh Medical University of Continuing Education (formerly the Almaty State Institute of Advanced Medical Education). Since 1991, her professional career has been inextricably linked with Almaty City Clinical Hospital No. 7. For 17 years, Kenzhekey Shurayeva

headed the Department of Neurosurgery No. 3, where she daily fought for the lives of patients with severe traumatic brain injuries.

In 2007, she became head of the operating department and subsequently continued to share her invaluable experience as a consulting physician. As an assistant professor in the Department of Neurosurgery at the Kazakh Medical University of Continuing Education (formerly the Almaty State Institute of Advanced Medical Education), she spent over 20 years training young specialists, nurturing a generation of talented physicians who now successfully practice throughout the country. Kenzhekey Shurayeva headed the Almaty Scientific and Practical Society of Neurosurgeons for 15 years. Her achievements have been recognized with the following prestigious state and professional awards: the Order of the "Shapagat," the "Altyn Dariger" badge, the title of "Excellent Healthcare Worker," and the medal of the Kazakh Association of Neurosurgeons.

Colleagues and students will remember Kenzhekey Shurayeva as a brilliant diagnostician, principled leader, and wise mentor. Her name is forever etched in the history of Kazakhstani neurosurgery.

We express our deepest condolences to her family and friends. The bright memory of this great physician and teacher will forever remain in our hearts.

The Editorial Board and Colleagues